

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
**НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

СЕЙСМИКАЛЫҚ АУДАНДАРДА ТЕМІРБЕТОН ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ КОНСТРУКЦИЯЛАУ

РАСЧЕТ И КОНСТРУИРОВАНИЕ ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ ДЫМОВЫХ ТРУБ В СЕЙСМИЧЕСКИХ РАЙОНАХ

**ҚР НТҚ 08-06.1-2013
НТП РК 08-06.1-2013**

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ АТСЭ» ЖШС
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4. **ОРНЫНА:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4. **ВЗАМЕН:** Введено впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	2
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	3
4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕР МЕН ӨЛШЕУДІҢ БІРЛІКТЕРІ.....	6
5 ЖОБАЛАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР	7
5.1 Жалпы талаптар.....	7
5.2 Жобалаудың негізгі қағидаттары	9
5.2.1 Әсер ету.....	10
5.2.1.1 Жалпы ережелер.....	10
5.2.1.2 Тұрақты әсер ету.....	10
5.2.1.3 Ауыспалы әсер ету.....	11
5.2.1.3.1 Желдік әсер ету.....	11
5.2.1.3.1.1 Жалпы ережелер.....	11
5.2.1.3.1.2 Жел бағытындағы желдік жүктемелер.....	11
5.2.1.4 Кездейсоқ әсер ету.....	12
5.2.1.4.1 Сейсмикалық әсер ету.....	12
5.3 Түтін мұржаларын сейсмикалық әсер етуге есептеу.....	12
5.4 Түтін мұржаларының сенімділігін тексеру	20
6 ТЕМІРБЕТОН ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫН КОНСТРУКЦИЯЛАУ	26
6.1 Материалдар.....	26
6.1.1 Бетон	26
6.1.2 Арматуралық болат.....	28
6.2 Сақиналық қиысуларды есептеу	30
6.3 Арматураны конструкциялау.....	34
6.4 Түтін мұржаларын дайындау кезіндегі конструкциялау жөніндегі талаптар.....	37
А ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) 2-тәртіптің сәттерін анықтау.....	47
Б ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Түтін мұржаларын есептеудің мысалдары.....	49

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құрал «Қазақтың құрылыс, сәулет ғылыми-зерттеу және жобалық институты» акционерлік қоғамымен («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) әзірленген.

Осы нормативтік-техникалық құралда:

– ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 бөліміндегі сейсмикалық аудандарда темірбетон түтін мұржаларын есептеу мен конструкциялаудың қағидаттары мен қағидалары;

– ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 бөлімінде берілген қағидаттар мен қағидаларды дамытатын қағидалар;

– ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 бөлімінде берілген қағидаттар мен қағидаларды толықтыратын кепілдемелер мен баламалық ережелер;

– ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 бөлімінің қағидаларын жобалау тәжірибесінде суреттеп қолданудың мысалдарын берілген.

Осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеу кезінде ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 қағидаларынан басқа:

– ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 берілген Ұлттық қосымшаның қағидалары;

– ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Құрылысты жобалаудың негіздері» тиісті қағидалары;

– ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 «Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ережелер мен ғимараттарға арналған ережелер» тиісті қағидалары;

– ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 қағидаларын толықтыратын және оған қайшы келмейтін замани нормативтік құжаттардың көпшілік мойындаған кейбір қағидалары ескерілген.

Мәтіні (соның ішінде мағыналық мазмұны бойынша) нормативтік-техникалық құралдың тармақтарына ұқсас ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 тармақтарының нөмірлері НТҚ тармақтарының нөмірлерінің қасында шаршылық жақшада берілген.

Мәтіні нормативтік-техникалық құралдың тармақтарында жішінара қолданылған ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 тармақтарының нөмірлері НТҚ тиісті мәтінінің тармақтарының нөмірлерінің соңында шаршылық жақшада берілген.

Осы құралда сілтеме берілген ҚР ҚН EN басқа құжаттарының тармақтарының нөмірлері НТҚ тиісті тармақтарының мәтінінде көрсетілген.

Осы нормативтік-техникалық құрал жобалық ұйымдардың инженер-техникалық қызметкерлеріне, ғылыми қызметкерлерге, жобалық өнімнің тапсырысшыларына, оқу орындарының оқытушылары мен білімгерлеріне арналған.

Осы құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізде қолдану үшін әрекетке енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕЙСМИКАЛЫҚ АУДАНДАРДА ТЕМІРБЕТОН ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫН
ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ КОНСТРУКЦИЯЛАУ

РАСЧЕТ И КОНСТРУИРОВАНИЕ ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ ДЫМОВЫХ ТРУБ
В СЕЙСМИЧЕСКИХ РАЙОНАХ

Енгізілген күні 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал Қазақстан Республикасының сейсмикалық аудандарында пайдалануға берілетін арматурасы алдын-ала кернеуленбеген сақиналық көлденең қиысудың (толық дөңгелек) монолиттік және жиналмалы темірбетон түтін мұржаларын (өзіндік күш түсетін өнеркәсіптік түтін мұржаларын қосса) жобалауға таралады.

1.2 Осы нормативтік-техникалық құрал негізгі есептік жағдайлар мен түтін мұржасының темірбетон діңгегін тұрақты, ауыспалы (уақытша, желдік, жылулық) және кездейсоқ (сейсмикалық) әсер етуге есептеудің әдістемесінен тұрады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық құралда келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланды:

ҚР СТ EN 206-1:2000/2011 Бетон. Анықтау, қасиеті, өндірісі және сәйкестілігі;

ҚР СТ EN 10080:2005/2011 Бетонға арналған арматуралық болат;

ҚР СТ EN 13084-1:2009/2011 Өзіндік күш түсетін түтін мұржалары. 1-бөлім: Жалпы талаптар;

ҚР СТ EN 13084-2:2007/2011 Жеке тұрған түтін мұржалары. 2-бөлім: Бетон құбырлар;

EN 12446:2011 Түтін мұржалары. Құрамдас бөліктері. Сыртқы бетон қабырғаның элементтері;

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Құрылысты жобалаудың негіздері;

ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-1-бөлім. Жалпы әсер ету. Салыстырмалық салмақ, ғимаратқа түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер;

ҚР ҚН EN 1991-1-3:2003/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-3-бөлім. Жалпы әсер ету. Қар жүктемелері;

ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-4-бөлім. Жалпы әсер ету. Жел жүктемелері;

ҚР НТҚ 08-06.1-2013

ҚР ҚН EN 1991-1-5:2003/2011 Конструкцияға әсер ету. 1-5-бөлім. Жалпы әсер ету. Температуралық әсер ету;

ҚР ҚН EN 1991-1-6 Конструкцияға әсер ету. 1-6-бөлім. Жалпы әсер ету. Құрылыс жұмыстарының өндірісі кезіндегі әсер ету;

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер;

ҚР ҚН EN 1992-1-2:2008/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-2-бөлім. Өртке тұрақтылықты анықтаудың жалпы ережелері;

ҚР ҚН EN 1997-1:2009/2011 Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер;

ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 Сейсмикаға төзімді конструкцияларды жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер, сейсмикалық әсер ету және ғимараттарға арналған ережелер;

ҚР ҚН EN 1998-5:2004/2013 Сейсмикаға төзімді конструкцияларды жобалау. 5-бөлім: Іргетастар, тіреу имараттары және геотехникалық аспектілер.

ЕСКЕРТПЕ Осы нормативтік-техникалық құралды пайдалану кезінде сілтемелік құжаттардың әрекетін ағынды жыл жағдайы бойынша жасалатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші», «Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» бойынша тексеру мақсатқа сай келеді. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтермен пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай алынып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН 1998-1:2004/2012 1.5.1 және 1.5.2 тармақтарына, сонымен қатар ҚР ҚН 1992-1-1:2004/2011 1.5.1 және 1.5.2 тармақшаларына сәйкес жалпы терминдер мен анықтамалар қолданылады.

3.2 Осы нормативтік-техникалық құралда тиісті анықтамалары бар келесі қосымша терминдер қолданылды:

Арматуралық арналар (reinforcement ducts): Үздіксіз вертикаль арматураға арналған трасса;

Арматураланған сыртқы қабырға (reinforced outer wall): Тасымалдау кезінде бетонның бұзылуының алдын-алуға арналған арматурасы бар сыртқы қабырға;

Желдік қалқан (windshield): Жүктемелерді қабылдауға және түтіндікті желдік әсер етуден қорғауға арналған күш түсетін қабықша; түтікдіктің функциясын орындауы мүмкін;

Диссипативтік конструкция (dissipative structure): Пластикалық гистерезистік жүрістің және/немесе басқа механизмдердің көмегінің нәтижесіндегі энергияның диссипациясына қабілетті конструкция;

Ауыспалы әсер етудің $\psi_2 Q_k$ квазитұрақты мәні (quasipermanent value of variable action $\psi_2 Q_k$): Ішінде ол асып кеткен уақыттың жиынтықтық аралығы уақыттың референттік кезеңінің басым бөлігін құрайтындығының есебімен анықталған ауыспалы

әсер етудің мәні. Кваситұрақты мән ауыспалы әсер етудің сипаттық мәнінің бөлігінен тұрады және сипаттық мәнді $\psi_2 \leq 1$ коэффициентіне көбейту арқылы анықталына алады;

Арматураға арналған қауіпсіздіктің γ_s жеке коэффициенті (safety factor for reinforcement private γ_s): Арматуралық болаттың ағуының $f_{yk}(f_{0,2k})$ төмен физикалық немесе шартты шегінің ықтимал ауытқуларын, сонымен қатар сырық қиысуының өлшемдерінің ауытқуын ескеретін коэффициент;

Бетонға арналған қауіпсіздіктің γ_c жеке коэффициенті (safety factor for concrete private γ_c): Бетон беріктілігінің сипаттық мәндерден f_{ck}, f_{ctk} төмен ауытқуының, қиысудың геометриялық ауытқуының (алайда, рұқсатты өлшемдерден аспайтын) және тәжірибелік үлгілерде анықталынатын бетон беріктілігі арасындағы айырмашылықтың мүмкіндігін ескеретін коэффициент; арматураланбаған конструкциялар жағдайында γ_c мәні әлсіз қираудың туу ықтималын ескереді;

Әсер етуді қиыстыру (combination of actions): Әртүрлі әсер етудің бір уақыттағы есебі кезінде кейбір шекті жағдайлар бойынша имараттың сенімділігін тексеру кезінде пайдаланылатын әсер етудің есептік мәндерінің жиынтығы;

Жүрістің коэффициенті (behaviour factor): Сызықтық есептік нәтижесінде алынған материалдың, конструктивтік жүйенің ерекшеліктерімен және жобалаудың қабылданған әдістемесімен шарттасқан имараттың сызықтық емес реакциясын есептеу мақсатында күштерді азайту үшін пайдаланатын коэффициент;

Қауіпті шекті жағдайлар (ultimate limit states): Қирауға немесе конструкцияның (имараттың) бас тартуының басқа формаларына қатысты жағдайлар;

Модалдық талдау (modal analysis): Есептік сейсмикалық жүктемелерді ғимараттың өзіндік тербелісінің бірнеше формасының есебімен орындалатын теориялық талдаудың нәтижелері бойынша анықтау;

Сенімділік (reliability): Имараттың немесе оның конструктивтік элементінің пайдалануға беру мерзімінің есептік мерзімі ішінде белгіленген талаптарға сәйкес келу қабілеттілігі;

Сыртқы қабырға (outer wall): Ішкі құбырды қоршап тұратын жән түтін мұржасының сыртқы қабырғасын көрсететін түтін мұржасының конструктивтік элементі;

Диссипативтік емес имарат (non-dissipative structure): Материалдың сызықтық емес жүрісінің есебісіз сейсмикалық есептік жағдайды анықтау үшін жобаланған имарат;

Күш түсетін қабілеттілік (қарсыластық) (resistance): Конструктивтік элементтің немесе оның көлденең қиысуының әсер етуге механикалық қираусыз қарсы келе алу қабілеттілігі, мысалы майысуға қарсыластығы, тұрақтылықты жоғалтуға қарсыластығы, слзылуға қарсыластығы.

Икемділік (plasticity): Қираусыз серпінді емес деформациялауға қабілеттілік. Икемді деформацияланатын конструкциялар серпінді емес деформация кезінде сейсмикалық тербелістің энергиясын шашыратады;

Шекті жағдайлар (limit states): Ұлғайған кезде құрылыс конструкциялары жобалау нормаларының талаптарына жауап бермейтін жағдай;

Пайдалануға беруге жарамдылық бойынша шекті жағдайлар (serviceability limit states): Ұлғайған кезде конструкцияның (имараттың) немесе оның элементтеріне белгіленген талаптар орындалмайтын жағдай;

Беріктілік (strength): Материалдың әсер етулерге қарсы тұру қабілеттілігін сипаттайтын, әдетте, механикалық кернеудің бірліктерінде көрсетілетін материалдың механикалық қасиеті;

Әсер етудің F_d есептік мәні (design value of an action F_d): Репрезентативтік мәнді γ жеке коэффициентіне көбейту арқылы алынған әсер етудің мәні;

Арматураның f_{yd} есептік қарсыластығы (design value of reinforcement f_{yd}): Конструкцияны есептеу кезінде қабылданатын және f_{yk} сипаттамалық қарсыластықты арматураға арналған қауіпсіздіктің γ_s жеке коэффициентіне бөлу арқылы алынатын арматураның беріктілігі;

Бетонның (қысуға - f_{cd} ; созуға - f_{ctd}) есептік қарсыластығы (design value of concrete compressive strength f_{cd} ; of concrete tensile strength f_{ctd}): Конструкцияны күш түсетін қабілеттілік пен пайдалануға беруге жарамдылық бойынша есептеу кезінде қабылданатын және беріктіліктің сипаттамалық мәндерін бетонға арналған қауіпсіздіктің γ_c жеке коэффициентіне бөлу жолымен алынатын бетонның қарсыластығы;

Әсер етудің F_{rep} репрезентативтік мәні (representative value of an action F_{rep}): Шекті жағдайлар бойынша есептеу кезінде қабылданатын мән. Репрезентативтік мән ретінде сипаттық мән (F_k) немесе ілеспелі мән (ψF_k) қабылдануы мүмкін;

Референттік мән (reference value): Шынайы мәнге ең жақын деп қарастырылатын мән;

Жиналмалы элемент (prefabricated element): Толығымен түтін мұржаларының түтіндіктерінен тұратын дұрыс немесе жеңіл, арматураланған немесе арматураланбаған бетоннан жасалған жиналмалы элемент;

Сейсмикалық есептік жағдай (seismic design situation): Сейсмикалық әсер ету кезінде имарат үшін ерекше жағдайларды ескеретін есептік жағдай;

Сейсмикалық әсер ету A_E (seismic action A_E): Жер сілкінісі кезінде топырақтың қимылымен пайда болған әсер ету;

Бетонның осьтік созылуға орташа қарсыластығы f_{ctm} (mean value of tensile strength of concrete f_{ctm}): Бетонның конструкцияны жобалау үшін орнатылған осьтік созуға беріктілігі;

Реакция спектрі (response spectrum): Өзіндік кезеңдердің (жиіліктердің) (функциясы және осцилляторларды демпфирлеудің параметрлері ретінде соғылған акселерограммамен берілген сызықтық-серпінді осцилляторлардың тербелістік жүйесінің максималдық реакцияларының абсолюттік мәндерінің жиынтығынан тұратын график;

Әсер етудің F_k сипаттамалық мәні (characteristic value of an action F_k): Тиісті берілген статистикалық қамтамасыз етудің әсер етуінің анықтаушы репрезентативтік мәні;

Арматураның $f_{yk}(f_{0,2k})$ сипаттамалық қарсыластығы (characteristic value of reinforcement $f_{yk}(f_{0,2k})$): Өндірушімен кепілдеме берілетін, тиісті стандарттарға сәйкес келетін 0,95 қамтамасыз етуі бар арматураның ағуының физикалық немесе шекті шегінің мәні;

Бетонның $f_{ctk}(f_{ctk,0,05})$ осьтік созылуға сипаттамалық қарсыластығы (characteristic value of concrete tensile strength $f_{ctk}(f_{ctk,0,05})$): 5 % бетонның беріктілігін осьтік созуға статистикалық бөлудің квантили;

Бетонның f_{ck} осьтік созылуға сипаттамалық қарсыластығы (characteristic value of concrete compressive strength f_{ck}): Оның $f_{c,cube}^G$ кепілдемелік беріктілігі бойынша бетон класының параметрлік қатарының мәндерінен шыға, 0,95 қамтамасыз ету кезіндегі статистикалық өзгергіштіктің есебімен белгіленген призмалардың немесе цилиндрлердің осьтік қысуға қарсыластығы;

Царга (side-bar): Зауыттық жағдайларда дайындалатын жиналмалы түтін мұржаларының сақиналық элементі.

4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕР МЕН ӨЛШЕУДІҢ БІРЛІКТЕРІ

4.1 Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН 1998-1:2004/2012 1.6.1 және 1.6.2 тармақтарына, сонымен қатар ҚР ҚН 1992-1-1:2004/2011 1.6 бөліміне сәйкес белгілер қолданылған.

4.2 Осы нормативтік-техникалық құралда тиісті анықтамалары бар келесі қосымша белгілер қолданылған:

E_{eq} – серпінділіктің эквиваленттік модулі;

M_i – тербелістің i формасына арналған тиімді модалдық масса;

R^0 – еркіндіктің бір дәрежесімен айналу кезінде осциллятор серіппесіндегі максималдық сәт пен айналу осының маңындағы инерцияның айналу сәтінің арасындағы қатынас; R^0 тәуелділік графигі өзінің тербелісінің кезеңінен серпінді реакциялардың айналдыру спектрі болып табылады;

R_x^0 , R_y^0 , R_z^0 – x , y және z , рад/с² осьтерінің маңындағы серпінді реакциялардың айналдыру спектрлері;

$\bar{\xi}_j$ – j форманың демпфирленуінің эквиваленттік модалдық коэффициенті.

4.3 Осы құралдың талаптарына сәйкес орындалатын есептерде келесі өлшеу бірліктерін пайдалану керек:

– күштер және жүктемелер:	кН, кН/м, кН/м ² ;
– тығыздылық:	кг/м ³ ;
– масса:	кг, тонна;
– салыстырмалық салмақ:	кН/м ³ ;
– кернеу және беріктілік:	Н/мм ² (= МН/м ² немесе МПа), кН/м ² (= кПа);
– сәт (майысатын, айналатын):	кН·м;
– жылдамдату:	м/с ² , g (= 9,81 м/с ²).

5 ЖОБАЛАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

5.1 Жалпы талаптар

5.1.1 Темірбетон мұржалар (1-сурет) конструктивтік шешім бойынша:

— консольдағы арнайы қалауы бар немесе арнайы қалауы жоқ монолиттік темірбетонды;

— арнайы қалау мен діңгек арасындағы күшпен немесе табиғи желдетілетін консоли бар монолиттік темірбетонды;

— екі қабатты монолиттік темірбетонды;

— металл, пластмасса және басқа материалдардан жасалған ішкі газ бөлетін діңгектері бар монолиттік темірбетонды;

— бір қабаттық немесе көп қабаттық царгалардан жасалған жиналмалы темірбетондық мұржалар болып бөлінеді.

5.1.2 Түтін мұржасының материалы мен конструкциясын таңдау жобалаудың тапсырмасында баяндалған құрылыс салудың пайдалануға беру жағдайлары мен әдістеріне байланысты, бөлінетін газдардың температурасы мен дәрежесінің есебімен; имараттың талап етілетін сенімділігі мен ғұмырлығынан, жобалық шешімдердің унификациясынан, материал сыйымдылықты, еңбек шығыны мен құрылыс бағасын максималдық төмендетуден, сонымен қатар сәулеттік-композициялық ойлардан шыға жүзеге асырылады.

5.1.3 Түтін мұржасын есептеуді өзіндік салмақтан, желден болатын жүктемелердің, бөлінетін газдың температурасының, күн радиациясының, сейсмикалық және жобалау тапсырмасында көрсетілген басқа ерекше әсерлердің деформацияланған сызбасы бойынша жүргізу керек.

5.1.4 Түтін мұржасының темірбетон діңгегі мен іргетасы қауіпті шекті жағдайлар мен пайдалануға берудің шекті жағдайлары бойынша есептеудің талаптарын қанағаттандыруы керек.

Қауіпті шекті жағдайлар бойынша есептеу конструкцияны күштік факторлар (өзіндік салмақ, арнайы қалаудың салмағы, жылумен оқшаулау, ішкі газ бұратын діңгектер, жел жүктемесі, сейсмика) мен қоршаған ортаның жағымсыз әсер етуінің (температура, ылғалдылық, түтіндік газдардың агрессиясы) бірлесіп әсер етуінен болатын қираудан қамтамасыз ету керек.

Пайдалануға беру жарамдылығы бойынша шекті жағдайлармен есептеу конструкцияны температуралық-ылғалдылық әсер етуден, мұржа діңгегінің төтенше майысуынан болатын кернеулердің есебімен күштік факторлардың әсер етуі кезіндегі жарылыстардың төтенше ашылуынан қамтамасыз ету керек.

Жиналмалы түтін мұржалары үшін діңгек конструкциясының жалпы және оның жеке элементтерінің шекті жағдайлары бойынша есептеу дайындаудың, тасымалдаудың және монтаждаудың барлық кезеңдері үшін жүргізілуі керек.

5.1.5[2.2.1(1)P] Ғимараттар мен имараттардың іргетастарын және негіздемелерін жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1997-1:2009/2011, ҚР ҚН EN 1998-5:2004/2013 қағидаларын, ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 тиісті бөлімдерінде берілген арнайы талаптарды сақтау керек.

Қорғайтын қалпак

Құбыр діңгегінің жоғарғы кесігіне бөлінетін зиян газдардың әсер етуінен қорғау үшін төселеді. Легирленген шойыннан немесе қышқылға төзімді керамикадан жасалады. Ерітіндіге төселетін бөлек тармақтардан тұрады

Арнайы қалау

Арнайы қалау – қорғайтын ішкі әрлеу (құбырларды, борларды ж.т.б.). Құбырлардағы арнайы қалау діңгекті температуралық және агрессивтік әсер ету үшін қызмет етеді. Кірпіштен, бетондардан және торкретмассададан жасалады. Материалдың мақаты ммен түріне байланысты, арнайы қалау өртке төзімді, қышқылға төзімді және жылу оқшаулайтын бола алады

Шырыштық белдеу

Арнайы қалай бөлімшелерінде фасондық қышқылға төзімді кірпіштен жасалады. Ықтимал конденсаттың саңылауға түсуінің алдын-алуға қызмет етеді

Құбырдың діңгегі

«Құбырдағы құбыр» типіндегі конструкциялардың құбырларындағы жел жүктемелерін қабылдайтын сыртқы діңгек, әдетте, темірбетоннан жасалады

Жылумен оқшаулау

Температуралық құламаны төмендету мақсатында бөлінетін газдардың жоғары температурасында орнатылады. Даналық және талшықтық жылу оқшаулайтын материалдардан жасалады. Шашпалы жылумен оқшаулау, әдетте, қолданылмайды

Іргетас

Құбыр салмағынан болатын қысымды береді және оны негіздемеге бірқалыпты бөледі. Негізінен, іргетастар стакан типті бетоннан және дөңгелек немесе сақиналық тақтайшасы бар темірбетоннан жасалады. Топырақтың төселетін қабатының күш түсетін жеткіліксіз қабілеттілігі кезінде, көбінесе, іргетастың қадалық конструкция таңдалады



1-сурет – Темірбетон түтін мұржасының схемасы

5.1.6 [2.1(1)P] Адамдардың қауіпсіздігін, көрші және жанасқан имараттардың бүтінділігін қамтамасыз ету үшін құрылымдық бүтінділік пен қалдық күш түсетін қабілеттіліктің сейсмикалық әсер етуінен кейін оның сақтауы арқылы түтін мұржаларының қирауының жоқ болуы талабы қолданылады.

5.1.7 [2.1(2)P; 2.1(3)P] Жер сілкінісі кезінде қондырғылардың, өндірістер мен коммуникация жүйелерінің пайдалануға беруінің үздіксіздігін сақтау үшін түтін мұржалары үшін ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 2.1(1)P тармақшасына сәйкес бұзылысты шектеу талабы қолданылады. Осы жерде қирауды шектеу талабы есептік сейсмикалық әсер етудің қлғаю ықтималдығы бар сейсмикалық әсер етуге жатады. Түтін мұржасы осы әсер етулерді бұзылыссыз және пайдалануға беруді шектеусіз көтере алатындай етіп жобалануы және құрылысы салынуы керек; осы жерде бұзылыстардан болатын шығын жабдықты ұстаудың және объектінің өндірістік үдерісінің бұзылуы салдарынан оның жұмысқа жарамдылығын орнына келтіруге шығатын шығыннан аспауы керек.

5.1.8 [2.1(4)P] ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 2.2.1(3) және 3.2.1(4) сәйкес анықталған төменгі сейсмикалық жағдайында, түтін мұржаларын сейсмикалық есептік жағдайға жобалау кезінде диссипативтік емес (диссипацияның резистік энергиясының есебісіз) есептік модельді қабылдауға болады. Бұл жағдайда q жүріс коэффициентінің мәні беріктілік қорының есебімен 1,5 с аспайтындай етіп қабылдануы керек (ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 2.2.2(2) тармақшасын қар.).

5.2 Жобалаудың негізгі қағидаттары

Жобалаудың келесі негізгі қағидаттары ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес келеді.

Түтін мұржалары тұрақтылық пен пайдалануға беру жарамдылығына өзінің аяқталған сәтінде, сонымен қатар құрылыс кезеңдерінің барысында есептелінуі керек.

Бұл имараттың лақтыруға қарсы күш түсетін қабілеттілігі мен жалпы тұрақтылығын тексеруден тұрады.

Егер өзгесі келесі тармақтарда көрсетілмесе, конструкцияны есептеуге қатысты тиісті базалық стандарттарға, оның ішінде – тиісті Еурокодтарға жүгіну керек.

Шекті жағдайдың теориясы қолданылады.

Шекті жағдайлар:

- қауіпті шекті жағдайға;
- пайдалануға беру жарамдылығы бойынша шекті жағдайларға бөлінеді.

Қауіпті шекті жағдайда ішкі күшейту, сәт, кернеу немесе деформация E_d сияқты әсер етудің әсерінің есептік мәні қарсыластықтың тиісті есептік R_d мәнінен аспауы керек.

$$E_d \leq R_d. \quad (1)$$

Пайдалануға беру жарамдылығы бойынша шекті жағдайда төмендегіні тексеру керек:

$$E_d \leq C_d, \quad (2)$$

мұнда:

E_d – әсер ету, мысалы жылжып кетудің, әсерінің есептік мәні;

C_d – қарастыратын әсер етудің есептік әсерлеріне байланысты конструкцияны жобалаудың кейбір қасиеттерінің номиналдық мәні.

Әсер ету үшін есептік мәндерді 5.2.1 тармақшасында көрсетілген әсер етудің сипаттамалық мәндерін сенімділіктің γ_F жеке коэффициентіне көбейту арқылы алады

Қарсыластықтың R_d есептік мәндерін конструкцияның тиісті қасиеттерінің сипаттамалық мәндерінен, мысалы – материалдың қасиетінен немесе геометриялық сипаттамасынан, сенімділіктің γ_M жеке коэффициентінің есебімен алуға болады.

Егер бірінші тәртіптің теориясы бойынша есептелінген деформация салдарынан тиісті сәттердің немесе ішкі күшейтудің ұлғаюы 10% асып кетсе, онда екінші тәртіптің әсерлері ескерілуі керек.

5.2.1 Әсер ету

5.2.1.1 Жалпы ережелер

Сейсмикаға төзімді түтін мұржаларын жобалау кезінде келесі:

тұрақты әсер етуді;

ауыспалы әсер ету:

а) желдік әсер етуді;

- кездейсоқ әсер ету:

а) сейсмикалық әсер етуді ескеру керек.

5.2.1.2 Тұрақты әсер ету

Тұрақты әсер ету барлық тұрақты конструкциялардың және фитинг, оқшаулау, шандық жүктеме, жабысып қалған күл, қолданыстағы және келешектегі жабындар, басқа жүктемелер сияқты элементтерінің есептік салмағынан тұрады. Өзіндік салмақ ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 сәйкес анықталады.

Кернеулерді есептеу үшін құрылыстың әртүрлі кезеңдерінің есебімен максималдық және минималдық тұрақты әсер етуді анықтау керек.

5.2.1.3 Ауыспалы әсер ету

5.2.1.3.1 Желдік әсер ету

5.2.1.3.1.1 Жалпы ережелер

Желдік жүктемелер түтін мұржаларының сыртқы беттеріне, толығымен, сонымен қатар екінші дәрежелі элементтер сияқты да жалпылама әсер етеді. Негізінен жел бағытында әрекет ететін жел екпінінен болатын ауытпалық күшейтуден басқа, құйындық ағыстардың салдарынан пайда болған күшейту түтін мұржасының көлденең дірілін шақыруы мүмкін.

Басқа желдің әсер етулерді, мысалы, жел қысымының (сопақтық) бірқалыпты емес бөлінуінің салдарын немесе интерференция әсерлерін, егер олар маңызды болып табылса, ескеру керек.

Жоғарыда аталған желдік әсер етулер түбегейлі динамикалық болып табылады. Түтін мұржалары сияқты икемді конструкцияларға желдік әсер ету тек қана динамикалық есептеу немесе эквиваленттік статистикалық жүктемелердің қосымшасы жолымен анықталына алады. Мұндай динамикалық жел жүктемелерін анықтаудың әдістері ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 берілген.

5.2.1.3.1.2 Жел бағытындағы желдік жүктемелер

Жел бағытындағы желдік жүктемелер ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 сәйкес, қайталанудың 50 жыл статистикалық кезеңінің ішінде тиісті құрылыс алаңындағы желдің базалық v_b жылдамдығы мен екеуі де 1,0 тең етіп қабылданатын c_{DIR} және c_{SEASON} коэффициенттерінен шыға отырып анықталынады.

Төбелер, немесе басқа қатыстық тең рельеф жағдайындағы еңістердің маңындағы ашық жерлердегі түтін мұржалары үшін жел жылдамдығына орографиялық ықпалды ескеру керек.

Одан басқа, рельефтің тегіссіздіктерінің жел жылдамдығына әсер етуі ескерілуі керек.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 стандартының 0, I және II санаттарын ғана пайдалануға кепілдеме беріледі, 4.1-кесте.

ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 берілгендерден айырмашылығы бар көлденең қиысулы түтін мұржалары үшін жел қысымының c_F коэффициентін желдің орташа жылдамдығының биіктікпен және құрылыс алаңының рельефіне байланысты турбуленттілігімен өзгеру есебімен аэродинамикалық құбырда сынау арқылы анықтауға болады немесе оларды сондай сынақтарға негізделген тиісті басылымдардан қабылдауға болады.

Желдің екпінді сипатымен пайда болған дірілдің әсерлері ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 сәйкес ескерілуі керек.

5.2.1.4 Кездейсоқ әсер ету

5.2.1.4.1 Сейсмикалық әсер ету

Сейсмикалық әсер етуді анықтау ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 сәйкес орындалуы керек.

5.3 Түтін мұржаларын сейсмикалық әсер етуге есептеу

5.3.1 Түтін мұржасын есептеудің шарасы сейсмикалық әсер етудің базалық көрінісі кезінде төмендегі негізгі кезеңдерден тұрады:

1-кезең. Төмендегілерге:

- құрылыс аймағының сейсмикалық қауіптілігіне;
- құрылыс алаңының топырақтық жағдайының типіне;
- жобаланатын объектінің диссипативтік қасиеттеріне (қажет болғанда); - жобаланатын объектінің жауапкершілігіне;
- сейсмикалық әсер етудің әртүрлі компоненттеріне сәйкес келетін серпінді реакциялардың спектрлерінің параметрлерін анықтау.

2-кезең. Имараттың сызықтық емес деформациялануына қабілеттілігіне байланысты реакциялардың есептік спектрлерінің параметрлерін анықтау.

3-кезең. Түтін мұржасына түсетін есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтау.

4-кезең. Есептік сейсмикалық жүктемелерге сәйкес келетін конструкция элементтеріндегі есептік әсерлерді (күшейтулерді, кернеулерді, деформацияларды) анықтау.

5-кезең. Есептік сейсмикалық және статистикалық жүктемелерден болатын есептік әсерлерді қиыстыру.

ЕСКЕРТПЕ Бұзылыстардың болмауына және орын ауысуды шектеуге қойылатын талаптарды тексеру кезінде назарға алынатын түтін мұржаларына түсетін есептік сейсмикалық жүктемелер квазистатикалық жүктемелер ретінде қарастырылады.

5.3.2 Құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігін жергілікті сейсо-тектоникалық, инженерлік-геологиялық және топографиялық жағдайлардың жер бетінің тербеліс параметрлеріне әсер ету есебімен жасалған сейсмикалық шағын аймақтандыру карталары бойынша анықтау керек.

Сейсмикалық шағын аймақтандыру карталары жоқ болған жағдайда, құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігін жалпы сейсмикалық аймақтандыру картасы немесе инженерлік-геологиялық іздеулердің нәтижелері бойынша белгіленген тиісті аймақ пен құрылыс алаңының топырақтық жағдайының сейсмикалық қауіптілігінен шыға, елді мекендердің тізімі бойынша қабылдауға жол беріледі.

5.3.3 Құрылыс алаңының топырақтық жағдайларын ҚР НТҚ-08-01-2012 3.2.1.1 тармақшасының 3.1-кестедегі деректерге сәйкес, инженерлік-геологиялық іздеулердің нәтижелерінен шыға отырып, сейсмикалық қасиеттері бойынша жіктеу керек.

5.3.4 Сейсмикалық әсер етудің базалық көрінісі кезінде серпінді реакцияның спектрінің формасы:

ҚР НТҚ 08-06.1-2013

- қираудың алдын-алу бойынша;
- бұзылысты шектеу бойынша талаптарды тексеруге арналған сейсмикалық әсер етудің екі деңгейі үшін бірдей етіп қабылданады.

5.3.5 Горизонталь сейсмикалық әсер ету тәуелсіз болып саналатын және серпінді реакциялардың бірдей спектрлері деп сипатталатын екі ортогоналдық компоненттермен сипатталады.

Вертикаль сейсмикалық әсер ету горизонталь жазықтыққа ортогоналдық компоненттермен суреттелінеді және горизонталь компоненттерге сәйкес келетін реакция спектрімен сипатталады.

5.3.6 Сейсмикалық әсер етудің горизонталь құрамдастарына арналған серпінді реакциялардың спектрі $S_e(T)$ ҚР НТҚ-08-01-2012 3.3.2.2 тармақшасындағы қағидаларға сәйкес анықталады.

5.3.7 Сейсмикалық әсер етудің вертикаль құрамдастарына арналған серпінді реакциялардың спектрі $S_e(T)$ ҚР НТҚ-08-01-2012 3.3.2.3 тармақшасындағы қағидаларға сәйкес анықталады.

5.3.8 ІА типті топырақтың есептік жылдамдатуын a_g анықтау кезінде қолданылатын және түтін мұржасының жауапкершілік класына байланысты болатын жауапкершіліктің γ коэффициенті ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 берілген ҰҚ 2.3 тармағына сәйкес мәндерді қабылдай алады (1-кестені қар.).

1-кесте – γ жауапкершілік коэффициентінің мәні

Жауапкершілік класы	Сипаттама	γ
I	Қоғамдық қауіпсіздік үшін төмен маңыздылығы бар түтін мұржасы	0,8
II	I, III немесе IV кластарына жатпайтын түтін мұржалары	1,0
III	Қирауы манайдағы ғимараттарға немесе адамдардың ықтимал жиналу аймағына тиюі мүмкін түтін мұржасы	1,25
IV	Бүтінділігі азаматтық қорғау қызметтерінің (сумен жабдықтау жүйелерінің, электр станцияларының, электр станцияларының, телекоммуникациялардың, ауруханалардың) жұмыстарын қолдау үшін елеулі мәні бар түтін мұржалары	1,5

5.3.9 Имараттардың сейсмикалық тербеліс энергиясын олардың элементтерінің және/немесе өзге механизмдердің сызықтық емес жүрісінің есебімен диссипациялау (шашып жіберу) қабілеттіліктері бар. Осы қабілеттілік жобалау кезінде нақты сызықтық емес талдауды ординаттарының мәні серпінді реакция ординаттарының мәндеріне қатысты азайтылған реакция спектріне негізделген серпінді есептеуді орындай отырып

орындауға жол бермейді. Ординаттарының азайтылған мәні бар реакция спектрі ары қарай «есептік спектр» деп аталады. Серпінді реакциялардың спектрі азайтуға q жүріс коэффициентін қолдану арқылы қол жеткізіледі.

5.3.9.1 Сейсмикалық әсер етудің горизонталь және вертикаль құрамдастарына арналған серпінді реакциялардың есептік спектрлері $S_e(T)$ ҚР НТҚ-08-01-2012 3.3.2.5 тармақшасының қағидаларына сәйкес анықталады.

5.3.9.2[4.10] Түтін мұржасының жалпы және жеке элементтерінің пластикалық қасиеттері мен диссипативтік қабілеттілігін ескеретін q жүріс коэффициентінің мәні келесі жолмен анықталады:

$$q = q_0 \cdot k_r \geq 1,5, \quad (3)$$

мұнда:

q_0 — көлденең жүктемені қабылдайтын жүйенің тұрақтылығын көрсететін жүріс коэффициентінің базалық мәні; бетон түтін мұржалары үшін қауіпті секция шегінде $q_0 = 2,5$ қабылданады;

k_r — массаны, қаттылықты немесе беріктілікті дұрыс бөлуден ауытқуды көрсететін модификация коэффициенті.

k_r модификация коэффициентінің келесі мәндеріне кепілдеме беріледі:

$k_r = 0,8$ — конструкцияның параллель өлшемінен 5% асып түсетін деңгейдегі элементтердің қаттылық орталығына қатысты горизонталь деңгейдегі массаның горизонталь эксцентриситеті бар болғанда;

$k_r = 0,8$ — діңгекте немесе көлденең қиысудың инерция сәтін 30% немесе одан да көп пайызға азаюына әкелетін күш түсетін қабықшада тесіктер бар болғанда;

$k_r = 0,7$ — негіздемеде лақтыру сәтін наличие сосредоточенной массы в пределах верхней трети высоты конструкции, вызывающей 50% немесе одан да аса шақыратын конструкция биіктігінің жоғарғы үштен бір шегінде шоғырланған масса бар болғанда.

Егер жоғарыда аталған тегіссіздіктердің біреуінен артығы бар болса, онда k_r кіші мәніне 0,9 қабылданғанға тең етіп қабылданады.

Жоғарыда аталған тегіссіздіктер жоқ болған жағдайда k_r мәнін 1,0 тең етіп қабылдау керек.

Түтін мұржаларын диссипативтік емес (төмен диссипативтік) жүріс бойынша жобалау кезінде беріктілік қорының есебімен $q \leq 1,5$ мәні қабылданады.

5.3.10[3.1] Түтін мұржасына сейсмикалық әсер етуді анықтау кезінде горизонталь және вертикаль түспелі, сонымен қатар топырақ тербелісінің айналмалы құрамдастарының бірлесіп әрекет етуін ескеру керек.

5.3.10.1 Топырақ тербелісінің айналмалы құрамдасын есепке алуды аlandaғы биіктігі 80 м асатын құбырды есептеу кезінде ескеруге кепілдеме беріледі, мұнда $a_g S$ мәні 0,25g асады (ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 3.1 тармақшасындағы 1 ескертпе). Тербелістің айналмалы құрамдасын анықтаудың ықтимал әдісі мен оларды есептеу кезінде ескеру жөніндегі нұсқаулар ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 А қосымшасында берілген.

5.3.10.2 Егер арнайы зерттеудің немесе далалық өлшеудің құжаттық расталған нәтижелері жоқ болса, онда серпінді реакцияның айналмалы спектрі төмендегідей анықтауға болады:

$$R_x^0(T) = 1,7 \cdot \pi \cdot S_e(T)/v_s \cdot T \quad (4)$$

$$R_y^0(T) = 1,7 \cdot \pi \cdot S_e(T)/v_s \cdot T \quad (5)$$

$$R_z^0(T) = 2,0 \cdot \pi \cdot S_e(T)/v_s \cdot T \quad (6)$$

мұнда:

R_x^0 , R_y^0 , R_z^0 — x , y және z осьтерінің маңындағы серпінді реакцияның айналмалы спектрлері, рад/с²;

$S_e(T)$ — алаңдағы горизонталь құрамдасқа арналған серпінді реакцияның спектрлері, м/с²;

T — кезең, с;

v_s — топырақ бейінінің жоғарғы 30 м, м/с берілген көлденең толқынның орташа жылдамдығы; төмен амплитудалық дірілдерге, яғни жылжу деформациясы шамамен 10^{-6} сәйкес келетін мәнді пайдалануға болады.

v_s бағалау эксперименталдық өлшеулермен жүзеге асырылмаған жағдайларда, алаң топырағының типі үшін репрезентативтік 2-кестедегі мәнді пайдалануға болады.

2-кесте – Топырақтың әртүрлі типтеріне арналған көлденең толқынның жылдамдығының үнсіздігі бойынша мәндер

Топырақтың типі	Көлденең толқынның жылдамдығы v_s , м/с
ІА	800
ІБ	600
ІІ	400
ІІІ	200

5.3.11 [4.2.1(1)] Математикалық модель:

— іргетастың айналмалы және түспелі қаттылығын ескеруі;

— конструкцияның немесе жабдықтың маңызды элементінің жиілігін анықтау үшін еркіндіктің (және байланысқан массалардың) дәрежесінің жеткілікті санын қосуы керек.

5.3.12 [4.2.2(2)] Массалар барлық тұрақты бөлшектерден, бекітулерден, түтін арналарынан, оқшаулаудан, кез-келген шаңнан немесе бетіне жабысып қалған күлден, қолданыстағы және болашақ жабындардан, арнайы қалаудан (сұйықтықтың немесе ылғалдың арнайы қалау тығыздығына кез-келген елеулі қысқа немесе ұзақ мерзімді әсерлерін қоса) және жабдыктан тұруы керек. Конструкцияның немесе тұрақты бөлшектердің ж.с.с. тұрақты мәндерін, жабдық массасының квазитұрақты мәнін және мұз катудан немесе қар жүктемесінен болатын жүктемелерді, сонымен қатар платформаларға

түсетін уақытша жүктемелердің квазитұрақты мәндерін (жөндеудегі және уақытша жабдықты ескеретін) ескеру керек.

Массалар әсер етудің қиысуларында қабылданатын гравитациялық жүктемелерден шыға отырып есептелуі керек.

5.3.13 Сейсмикалық әсер етудің инерциялық әсерлерін әсер етудің төмендегі қиысуларына кіретін барлық гравитациялық жүктемелерге байланысты массалардың есебімен талдау керек:

$$\Sigma G_{k,j} + \Sigma \psi_{E,i} \cdot Q_{k,i}, \quad (7)$$

мұнда:

$G_{k,j}$ — j тұрақты әсер етудің сипаттамалық мәні;

$\psi_{E,i}$ — i сейсмикалық әсер етуге арналған қиыстырудың коэффициенті, ол ауыспалы әсер етудің q_i квазитұрақты мәні үшін $\psi_{2,i}$ қиыстыру коэффициентіне тең етіп, ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 берілген ҰҚ А1.1-кестесі бойынша қабылданады;

$Q_{k,i}$ — ілеспелі ауыспалы әсер етудің i сипаттамалық мәні.

5.3.14 Темірбетон түтін мұржаларының күш түсетін элементтерінің қаттылығы жарылыс пайда болуы әсерінің есебімен бағалануы керек.

Есептеу q жүріс коэффициенті тиісті есептік спектрі бар 1,0 үлкен мәніне негізделген жағдайда, қаттылық көрсеткіштері арматурадағы ағу шегіне сай келуі керек. Бетон элементтердің жарылыс болу әсерінің нақты талдауын орындамаған кезде, олардың майысу мен жылжуға қаттылығының сипаттамасы жарылысы жоқ элементтердің тиісті қаттылығының жартысына тең етіп қабылданады.

Егер есептеу $q = 1$ мәнінде және серпіндік реакциялардың спектрінде немесе уақыт бойынша топырақ тербелісінің динамикасының тиісті көрінісіне негізделген болса, онда бетон элементтердің қаттылығын сейсмикалық әсер ету кезінде кернеудің деңгейіне сәйкес келетін жарылысы бар көлденең қиысудың қасиеттері бойынша есептеу керек. Жарылысты ашудың енін анықтау EN 13084-2:2007 В қосымшасында берілген.

5.3.15 Көтерілген температураның түтін мұржаларындағы темірбетонның қаттылығы мен беріктілігіне әсер етуін ескеру керек.

5.3.16 Модалдық демпфирлеуі бар модалдық-спектралдық талдаудың шарасы ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 анықтамалық В қосымшасында берілген.

5.3.17 Есептік талдау кезіндегі «топырақ-конструкция» өзара әрекетін есепке алу жөніндегі нұсқаулық ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 анықтамалық С қосымшасында берілген.

5.3.18 Түтін мұржаларына сейсмикалық әсер етуді анықтау үшін сызықтық-серпінді талдаудың:

- көлденең күшейту әдісі;
- серпінді реакциялардың спектрінің модалдық талдау сынды екі типінің біреуін пайдалануға кепілдеме беріледі.

5.3.18.1 Көлденең қиысу әдісі [4.3.2].

Көлденең қиысу әдісін қолдану үшін қойылатын шарттарға төмендегілер жатады:

- көлденең қаттылық пен массаны бөлу екі ортогоналдық горизонталь осьтерге қатысты шамамен симметриялық, сондықтан тәуелсіз модельді осы екі ортогоналдық

осьтердің бойына пайдалануға болады:

- T_1 тербеліс кезеңдері екі негізгі бағытта төмендегі мәндерге қарағанда кіші:

$$T_1 \leq \begin{cases} 4 \cdot T_c, \\ 2 c, \end{cases} \quad (8)$$

мұнда:

T_c - ҚР НТҚ-08-01-2012 3.3.2.2 тармақшасына сәйкес анықталады;

- конструкцияның көлденең қаттылығы, массасы мен горизонталь өлшемдері тұрақты болып қалуы керек немесе күрт өзгерусіз негіздемеден бастап жоғарғы бөлікке қарай ақырын азаюы керек;

- қосымша шарттарға 6 м аспайтын және жауапкершіліктің I немесе II класы бар түтін мұржасының толық биіктігі H (ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 берілген ҰҚ 2.4 т.) жатады.

Сейсмикалық әсер ету әсерлерін анықтау бойынша талдау горизонталь күштерді F_i , $i = 1, 2 \dots n$ іргетастың массасын қоса, конструкция бөлінген шоғырланған массаларға n қосымшалау жолымен орындалады. Осы күшейтудің сомасы негіздеменің жылжуына эквивалентті және мынаған тең етіп қабылданады:

$$F_t = S_d(T) \sum_1^n m_j, \quad (9)$$

мұнда:

$S_d(T)$ — ҚР НТҚ-08-01-2012 3.3.2.5.4 т. бойынша анықталған көлденең қиысудың горизонталь бағытындағы тербелістің T негізгі кезеңіне арналған серпінді реакцияларды есептік спектрінің ординатасы.

ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 4.3.3.2.2(2) т. сәйкес, егер негізгі реңнің T кезеңінің мәні имараттың динамика әдісіне негізделген (мысалы, Рэлей әдісі) теңдеудің бірде-біреуінде анықталмаса, онда (9) теңдеуінде спектралдық шаманы $S_d(T_c)$ пайдалану керек.

Көлденең күштерді F_i шоғырланған массаларға n бөлуді ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 4.3.3.2.3 т. (4.10) теңдеуіне сәйкес қабылдау керек:

$$F_i = F_b \cdot \frac{s_i \cdot m_i}{\sum s_j \cdot m_j} \quad (10)$$

мұнда:

F_i — i деңгейде әрекет ететін горизонталь күш;

F_b — (9) теңдеуіне сәйкес анықталған түтін мұржасының негіздемесіндегі жиынтықтық қайта кесетін күш;

s_i, s_j — массалардың орын ауысуы;

m_i, m_j — тербелістің негізгі формасы бойынша;

m_i, m_j — (7) теңдеуге сәйкес есептелінген массалар.

Егер тербелістердің негізгі формасы биіктік бойынша сызықтық ұлғаятын горизонталь орын ауысумен аппроксимирленсе, онда горизонталь күштер F_i мына формула бойынша анықталына алады:

$$F_i = F_b \cdot \frac{z_i \cdot m_i}{\sum z_j \cdot m_j} \quad (11)$$

мұнда:

z_i , z_j — сейсмикалық әсер етудің қосымшасының (іргетастың немесе қатты негіздеменің үстінің) деңгейіндегі масса биіктігі m_i , m_j .

5.3.18.2 Серпінді реакциялардың спектрінің модалдық талдауы

Осы талдау түтін мұржасының кез-келген конструкциясына қолданыла алады, бұл жерде сейсмикалық әсер ету серпіндік реакция спектрімен анықталады; имараттың жалпы реакциясына елеулі әсер ететін тербелістің барлық формаларын ескеру керек.

Осы жерде:

- тербелістің ескеретін формалары үшін тиімді модалдық массалардың сомасы, кем дегенде, конструкцияның жалпы массасының 90% құрайды (ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 D қосымшасын қар.);

- жалпы массаның кемінде 5% тиімді модалдық массасы бар тербелістің барлық формалары ескеріледі.

Тербелістің екі i және j (оның ішінде түспелі және айналмалы) формасына сәйкес келетін түтін мұржасының реакциялары, егер осы формалардың T_i және T_j кезеңдері ($T_j \leq T_i$ кезінде) төмендегі шартты қанағаттандырса, онда бір-біріне тәуелсіз деп есептеліне алады:

$$T_j \leq 0,9 \cdot T_i \quad (12)$$

Егер барлық елеулі модалдық реакциялар (ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 4.3.3.3.1(3)-(5) тарм. қар.) бір-біріне тәуелсіз деп қарастырылатын болса, онда сейсмикалық әсер ету әсерінің максималдық шамасы E_E төмендегідей қабылдана алады:

$$E_E = \sqrt{\sum E_{Ei}^2}, \quad (13)$$

мұнда:

E_E — қарастырылатын сейсмикалық әсер етудің (күшейтудің, орын ауысудың ж.т.б.) нәтижесі;

E_{Ei} — осы сейсмикалық әсер етудің нәтижесінің тербелістің i формасы бойынша шамасы.

5.3.19 [4.4] Топырақ тербелісінің кез-келген айналмалы құрамдасының әсерлері шаршы сомасынан (векторлардың геометриялық сомасы) шаршы түбір ережесі бойынша ортогоналдық горизонталь бағыттағы түспелі құрамдастардың әсерлерімен қиыса алады.

Сейсмикалық әсер етудің әсерлерінің құрамдастарының қиысуын ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 4.3.3.5.2(4) т. көрсетілген баламалық шаралардың екеуінің кез-келгенімен ескеру керек. ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 4.3.3.5.2(4) т. шараларды қолдану үшін горизонталь бағыттың маңындағы кез-келген айналмалы құрамдастар

ортогоналдық горизонталь бағыттағы түспелі құрамдастармен қиысуы керек:

$$E_{Edx} \text{ "++"} 0,30 E_{Edy} \text{ "++"} 0,30 E_{Edz}; \quad (14)$$

$$0,30 E_{Edx} \text{ "++"} E_{Edy} \text{ "++"} 0,30 E_{Edz}; \quad (15)$$

$$0,30 E_{Edx} \text{ "++"} 0,30 E_{Edy} \text{ "++"} E_{Edz}; \quad (16)$$

мұнда:

E_{Edx} — конструкцияның таңдалған x горизонталь осының бойында сейсмикалық әсер ету қосымшасынан болатын әсер етудің нәтижелері;

E_{Edy} — конструкцияның y ортогоналдық горизонталь осының бойымен сол сейсмикалық әсер етудің қосымшасымен шарттасқан әсер етулердің нәтижелері;

E_{Edz} — ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 3.2.2.5(5) және (6) анықталғандай есептік сейсмикалық әсер етудің вертикаль құрамдасымен пайда болған әсер етудің әсері.

5.3.20 [5.4] Ойықтары бар түтін мұржаларында түтін мұржасының қабырғасының қалыңдығынан үлкен горизонталь өлшемі бар 5.4.1 т. анықталған қауіпті аймақтардың шегінде топырақ тербелісінің екі горизонталь құрамдасын да ескеру керек.

Топырақ тербелісінің вертикаль құрамдасын ескермеге болады.

Егер арнайы қалау (кірпіштен, болаттан немесе басқа материалдан тұратын) түтін мұржасының күш түсетін қабатшасының көлденең бағытында жақын тұрған нүктелерде қолдау көрсетілсе, онда қабықшаға қатысты арнайы қалаудың қимылы елеусіз болып саналады, арнайы қалаудың массасын арнайы қалаудың еркіндігінің жеке дәрежелерін қоспай-ақ, күш түсетін қабықшаның массасына қосуға болады.

Егер құбырдың жоғарғы жағындағы түтін мұржасының арнайы қалауындағы тіректер арнайы қалаудың күш түетін қабатшаға қатысты әрекетіне жол берсе, онда арнайы қалауды бетон күш түсетін қабықшадан бөлек динамикалық талдаудың моделіне қосу керек. Бұл жағдайда, егер талдау үшін серпінді реакциялардың спектрі пайдаланылса, арнайы қалау үшін қолданылатын демпфирлеу коэффициентінің мәні оның конструкциясына байланысты болуы керек (ҚР ҚН EN 1998-6:2005/2012 В қосымшасын қар.).

5.3.21 [4.7.7] Егер сызықтық есептеу орындалып жатса, онда есептік сейсмикалық әсер етумен пайда болған жылжулар төмендегі теңдеудің көмегімен конструктивтік жүйенің серпінді деформацияларының негізінде анықталына алады:

$$d_s = q_d d_e, \quad (17)$$

мұнда:

d_s — есептік сейсмикалық әсер етуден пайда болған конструктивтік жүйенің нүктесінің жылжуы;

q_d — егер өзгесі анықталмаса, q тең етіп қабылданатын жылжу кезіндегі жүріс коэффициенті;

d_e — реакцияның есептік спектріне негізделген сызықтық есептеудің нәтижелері бойынша анықталған конструктивтік жүйенің сол нүктесіндегі жылжу.

d_s — мәні серпінді реакциялар спектрінен алынған мәннен үлкен болмауы керек. Әдетте, егер негізгі форма бойынша имараттың T_1 тербеліс кезеңі T_C кіші болса, негізгі форма бойынша q_d қарағанда үлкен болып келеді.

5.4 Түтін мұржаларының сенімділігін тексеру

5.4.1 Түтін мұржаларын диссипативтік жүрістің есебімен жобалаған кезде келесі қауіпті аймақтар қабылданады:

- түтін мұржасының негіздемесінен негіздеменің үстіндегі D биіктігіне дейін;
 - секцияның күрт өзгеруінен секцияның күрт өзгеруінің үстіндегі D биіктігіне дейін;
 - түтін мұржасының бір ойықтан көп үстіндегі және астындағы D биіктігі,
- мұнда D қауіпті аймақтың ортасындағы түтін мұржасының сыртқы диаметрі болып табылады.

5.4.2 Темірбетон түтін мұржаларының барлық элементтерінің қауіпті шекті жағдайларын, қосылысты қоса, тексеру үшін келесі шарт орындалуы керек:

$$R_d \geq E_d \quad (18)$$

мұнда:

R_d — материалдарға сипатты механикалық модельдер мен ережелерге (материалдың f_k сипаттамалық мәндері мен γ_M жеке коэффициенттерінің негізінде) сәйкес есептелінген элементтің есептік кедергісі);

E_d — сейсмикалық есептік жағдайдың әсерінің, қажет болғанда – екінші тәртіптің әсерлері мен жылулық әсерлерді қоса, есептік мәні. Майысатын сәттерді қайта бөлуге ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес жол беріледі.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 6.4.3.4. т. сәйкес:

$$E_d = E\{G_{k,j}; P; A_{Ed}; (\psi_{2,i} Q_{k,i})\} \quad j \geq 1; i > 1. \quad (19)$$

мұнда:

E — әсер етудің әсері;

